



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 06/546

09 февраля 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

НҮРСҮЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ БАСТАЛДЫ

Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы басталды.

Ұлттық банктің алтын-валюта активі 31,1 млрд доллар болды. 2018 жылдың 1 қаңтарында жеке тұлғалардың депозиттері



Отырыс барысында еліміздің 2017 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары шығарылып, алдағы уақытта экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар айқындалады деп күтілуде. Айта кетерлігі, 2017 жылы ішкі жалпы өнім өсімі 4 пайызды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 5,5 пайызға артып, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 7,1 пайызға ұлғайды. 2017 жылдың 9 айында шетел инвестициясының таза түсімі 3 034,8 млн долларды құрады. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларының аралығында Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 69,5 млрд долларға жетіп, 2016 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,1 пайызға артты. Оның ішінде экспорт көлемі 43,1 млрд долларға жетіп отыр.

3,7 пайызға көбейіп, 8120,9 млрд теңгені құрады. Өңірлік шекте өнеркәсіп өндірісінің көлемінің артуы 14 өңірде байқалды. Ең жоғары өсім Атырау облысы мен Астана қаласында тіркелген. Ал ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсімі 2,9 пайызға жетті. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің еліміздің 14 өңірінде байқалғанын атап өткен орынды. Ең жоғары өсім - Маңғыстау, Павлодар, Жамбыл және Ақтөбе облыстарында. Құрылыс саласындағы өсімнің жоғарылауы Қостанай, Ақмола, Қызылорда және Ақтөбе облыстарында байқалады. Жалпы, 2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында пайдалануға берілген үйлердің өсімі 6,2 пайызға жетіп отыр.

дереккөз: www.egemen.kz

Әкім бол, халқыңа жақын бол !

ҚАЛА ӘКІМІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Үстіміздегі жылдың 7-ақпаны күні Приозерск қаласының әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлы қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерінің алдында 2017 жылы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

ген сұрақтарын қойып, оларға тұщымды да қанағаттанарлық жауап алды. Есептік кездесудің соңында Қоғамдық кеңестің мүшелері қала әкімінің өткен жылы атқарған жұмыстарына жоғары баға беріп, алға қойған жұмыстарының сәтті іске асуына игі



Қоғамдық кеңестің отырысына Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Сәрсембеков Бекзат Мұқсиынұлы қатысып отырды.

тілектерін білдірді.

Б. Алшынбекұлы

Қайрат Амангелдіұлы алдымен өткен жылы қаламызда атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Бірінші экономикалық ахуал жайында, халықтың әлеуметтік жағдайы туралы айта келе, қала әкімі, сонымен қатар, осы жылға жоспарланған жұмыстар туралы да айтып өтті. Өз кезегінде, қоғамдық кеңестің мүшелері өздерін толғандырып жүр-



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ҚЫСҚЫ БАЛЫҚШЫЛАР ТУРНИРИ



Ағымдағы жылдың 03 ақпаны күні салауатты өмір салтын насихаттау және де қыстық балық аулау жарысын кеңінен насихаттау мақсатында, «Ер-Тай» кең байыту фабрикасының директоры, қалалық спорттық балық аулау федерациясының президенті Т.Карабалаев пен Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастырушысымен, сонымен қатар Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының атсалысуымен Балқаш көлінің жағалауында Астана қаласының 20 жылдығы мерекесіне орай қысқы балықшылар турнирі ұйымдастырылып өткізілді. Аталған сайыста жүлдегерлерге мадақтама қағазы, бағалы сыйлықтар мен кубок табысталды. Сонымен қатар, бұрғылау сайысында орын алған қатысушыға арнайы сыйлық табысталды. Ұйымдастырушылар тарапынан турнирге қатысушылар ыстық тамақпен және шәймен қамтамасыз етілді. Дәстүрге

айналған қыстық балық аулау турнирі келесі жылы да жалғасын табады.



Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы

Тапсырмалар жүзеге асырылуда

Казахстанская модель межэтнического согласия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ БАҒЫТЫНА АРНАЛҒАН БІРЫҢҒАЙ САҒАТЫ

2018 жылдың 26 қаңтары күні қала әкімі аппаратының жиын залында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Халықына Жолдауының тоғызыншы бағыты аясында қала әкімінің орынбасары Д. Сәденовтың төрағалығымен мемлекеттік мекемелер, құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, саяси партия, этно-мәдени бірлестіктердің қатысуымен бірыңғай сағат өткізілді. Іс-шара барысында сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршаға ортақ міндет, жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, Этикалық кодекс - сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерінің алдын-алу және Приозерск қаласының мемлекеттік мекемелері арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтері бойынша әртүрлі бағыттағы мәселелер қарастырылды.

Мемлекеттік-құқықтық бөлім



Елбасы жолдауы – халықтың қолдауы

ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылдың 10-қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын «Приозерский вестник» газетінің редакция ұжымы да талқылап, Жолдаудағы жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін көзделіп отырған он міндетпен танысып шықты. Оның ішінде индустрияландыру 4.0 жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиістігі, ресурстық әлеуеті одан әрі дамыту, агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамытудың мүмкіндіктері, Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технология-ларды енгізу, қаржы секторын «қайта жаңғырту», адами капиталдың – жаңғыру негізі екендігі, тиімді мемлекеттік басқару, жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі, сонымен қатар, «Ақылды қалалардың» «ақылды ұлт» үшін екендігі, барлық қазақстандықтар сияқты, біздің көңілімізден шығып, қолдау көрсетіп отырмыз.

Әсіресе, Жолдауда көрсетілген білім берудің жаңа сапасын енгізу, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді менгеру қабілетін дамыту қажеттігі - бүгінгі күнгі уақыт талабы болып отыр. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі көзделген. Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдар-

ламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Яғни, тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ мамандарын даярлау ерте қолға алынып, сапалы білім беру - жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты болуға тиіс.

Сонымен қатар, Елбасымыз қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін менгеруінде екендігін атап өтті. Орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, енгізілуде. Төл тіліміздің ұлт үшін маңыздылығы туралы айта келе Елбасы: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет. Латын әліпбиіне көшу бұл мәселені реттеуге мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет» - деді. Бірақ, Жолдауда орыс тілін білу қазақстандықтар үшін маңызды болып қала беретіндігі де атап көрсетілген. 2016 жылдан бері жаңартылған бағдарлама бойынша орыс тілі қазақ мектептерінде 1-сыныптан бастап оқытылып келеді. 2019 жылдан 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Натіжесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді менгеретін болады. Елбасымыз айтқандай: «Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады». Ұрпақ білімді болса, «біліммен мыңды жығатын» азамат болып өсері сөзсіз.

Б. Кенжебеков,
«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы

«Основой для хорошей жизни человека должны стать честный труд, совестливый разум, искреннее сердце. Вот три качества, которые должны властвовать над всем. Без них не обрести в жизни мира и согласия.»

«Необходимо учить людей трудиться, необходимо дать им образование, но всего этого недостаточно для изживания в человеке нравственного уродства. В процессе воспитания человека необходимо вести науку совести.»

У человека есть две потребности: телесная и душевная. Тот, у кого преобладает первая потребность, ради наживы, корысти и славы готов пойти на любые злодеяния. Второй не ищет ничего, кроме бескорыстного труда и благих поступков.

Шакарим Кудайбердиев, (1858г.-1931г.)
казахский поэт, писатель,
переводчик, композитор, историк
и философ.

СИЛА — В ЕДИНСТВЕ

Главное богатство нашего государства — уникальное многообразие межэтнических отношений. Здесь в мире и согласии под одной общей крышей живут казахи и татары, русские и украинцы, белорусы и немцы, а также многие другие — всего более 120 различных этносов. Кто-то скажет, что это чудо, поскольку в Казахстане, в отличие от других постсоветских стран, удалось избежать этнических конфликтов. Однако мы скажем, что ничего чудесного здесь нет: во все времена наша страна с уважением и дружелюбием принимала гостей, беженцев и переселенцев, давала им пищу и кров.

На протяжении очень длительного времени в Казахстане сложилась особая традиция взаимоотношений между народами. Во всем мире стали говорить о наличии казахстанской модели межэтнического согласия. В его основе лежит толерантное и терпимое отношение казахов ко всем этническим диаспорам, которые по воле судьбы оказались на территории нашей общей родины. Так, значительная часть славянского населения оказалась в Казахстане в годы массового переселения крестьян с европейской части России на рубеже XIX—XX веков. В годы сталинского тоталитарного режима на просторах Казахстана оказались десятки тысяч политических заключенных. С 1930-х годов минувшего века началась невиданная ранее массовая депортация в край целых народов с Дальнего Востока, Закавказья, Северного Кавказа, Крыма, Поволжья и других территорий. В годы освоения целинных и залежных земель, массовых индустриальных советских строек сотни тысяч молодых людей в лице Казахстана обрели себе новую родину. На любом из этих этапов казахи встречали переселенцев с особой теплотой и радушием.

В этом и заключается секрет неповторимой модели развития казахстанского общества. С самого момента становления независимого Казахстана в нашей стране уделялось особое внимание межэтнического мира и согласия, которое стало основой государственной политики республики. Особое внимание этому уделял Глава государства Нурсултан Назарбаев, который неоднократно говорил: «Межэтнический мир и согласие — наше общее завоевание и великая ценность, во многом определяющая общественную жизнь страны и ход ее новейшей истории. Казахстанская модель гражданского мира не случайно получила международное признание. Все мы — единый народ, каждый из нас — его часть».

Одним из ключевых шагов, во многом предопределивших дальнейший вектор развития Казахстана, является создание в 1995 году консультативно-совещательного органа при Президенте страны — Ассамблеи народа Казахстана (АНК), призванного заниматься вопросами обеспечения межэтнического согласия в республике. Государство создает вектор развития, выстраивает схему, механизмы его реализации,

но каждодневная работа, взаимодействие на местах, решение текущих, ситуативных проблем, невозможно без участия институтов гражданского общества. И в этом смысле Ассамблея выступает в роли коммуникатора, который соединяет общество и власть в рамках важнейшего направления — проблемы межэтнических отношений.

Международный авторитет Ассамблеи растет с каждым годом. По опыту Казахстана аналогичные общественные структуры созданы в ряде стран СНГ. Казахстанский опыт с большим вниманием изучает мировое сообщество. За рубежом проведены крупные международные конференции по роли Ассамблеи в жизни многонационального населения республики. Казахстанский опыт получил высокую оценку международных экспертов. В свое время Генеральный секретарь ООН Коффи Аннан назвал Казахстан «примером межэтнического согласия, стабильного и устойчивого развития для других государств мира».

В стране проводится сбалансированная языковая политика, и Казахстан — один из немногих, кто разрешил эти проблемы без острых потрясений. Языковое богатство республики только обогащает общеказахстанскую культуру. Кроме того, сегодня государственным языком старается овладеть все граждане страны и переход с кириллического алфавита на латинский только стимулирует подобную инициативу. Ежегодно государство оказывает финансовую поддержку национально-культурным объединениям и малым ассамблеям. А для руководителей национально-культурных центров утверждены президентские гранты. В стране издаются газеты и журналы на многих языках, функционируют и открываются школы, в которых преподавание ведется на национальных языках различных этносов, работают национальные театры. Стало традиционным массовое участие в праздниках Наурыз, Масленица и Рождество и других.

Юрий Черкасов, первый заместитель заведующего социально-политическим отделом Администрации Президента РК подчеркнул: «Расизм, национальный шовинизм, крайние формы национализма — это показатели бедности культуры, нехватки знаний, неумения понять и оценить духовное богатство других народов. Мы в Казахстане отвергли идеи ксенофобии. Наше единство основано на разнообразии. Такими основными принципами казахстанской модели межэтнического согласия — принципы формирования единой казахстанской гражданской общности, казахстанцев как единой нации. Однако следует заметить, что объединяет нас нечто гораздо большее. Это наше единое государство, земля, на которой старшее поколение работало рука об руку, чтобы создать основу для развития независимого Казахстана. Это наша общая история, в которой мы совместно испытывали горечь неудач и делились радостью побед и достижений. Это наши дети, которым на этой земле вместе жить и работать».

Г. Шарбекова,
руководитель отдела внутренней политики, культуры и развития языков

Заман талабына сүйене отырып

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу — қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түр-

кі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу — қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен ұлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Гүлзат Ғабитқызы



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТӨРТІНШІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Елбасымыздың бастамасымен бекітілген Қазақстанның негізгі даму бағыттарын айқындайтын Ұлт жоспарының аясында кәсіби мемлекеттік аппарат құру бойынша реформаны жүзеге асыру барысында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді.

Осы өзгерістердің аясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңадан заң қабылданған болатын. Аталған заңға сәйкес мемлекеттік қызметтің басты қағидаларының бірі мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы қағида аясында мемлекеттік қызметшілер еліміздің конституциясымен кепілдік берілетін құқықтары мен бостандықтарды пайдалануға, ешбір кемсітушіліксіз еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқылы.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттерін тиісінше орындауы, өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіп пен әдепті бұзуы, сол сияқты мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамауы тәртіптік теріс қылық болып табылып, ол үшін жеке жауаптылық көзделген.

Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге ескертуден қызметінен босатуға дейінгі тәртіптік жазалар қолдануы мүмкін. Өз кезегінде, тәртіптік теріс қылық жасағаны толық дәлелденбейінше мемлекеттік қызметші кінәлі деп танылып, оған тәртіптік жаза қолданылмайды. Бұл ретте тәртіптік жаза қолдану барысында мемлекеттік

қызметшілердің құқықтық қорғалуына кепілдік берілген.

Атап айтқанда, тәртіптік жазаға тарту туралы шешім қабылдау үшін бірінші кезекте мемлекеттік қызметші анықталған бұзушылық бойынша түсініктеме беруі тиіс.

Ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жазалар мемлекеттік қызметшіден түсінік алу нәтижесінде қолданылса (егер қызметші кінәсін мойындаса), ал қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымнан төмендету, сондай-ақ қызметінен босату түріндегі тәртіптік жазалар тек қана қызметтік тексеру қорытындысы және тәртіптік комиссияның шешімі бойынша ғана қолданылады. Бұл да мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жазаға тартылу барысында тек әділ шешім қабылдануының кепілі болып табылады.

Сонымен қатар, қызметтік тексеру жүргізу барысында мемлекеттік қызметшіге жеке қатысу құқығы берілген және мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен таныстырылуға тиіс. Бұл да мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының мемлекеттік қызметшілердің құқығын қорғауға бағытталғандығын айғақтайды.

Жалпы мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларымен реттелген.

Аталған құжаттың орындалуын және мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жазаға

Мемлекеттік қызметшілерді құқықтық және әлеуметтік қорғау

тарту барысындағы құқықтарын қамтамасыз етуді мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті тұлға жүзеге асырады.

Есептік ақпараттарға сүйенсек жылдан жылға тәртіптік жазаға тартылған мемлекеттік қызметшілердің саны азайып келеді. Мысалы, 2016 жылдың 9 айында 552 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылса, ағымдағы жылдың 9 айында мұндай мемлекеттік қызметшілердің саны - 374 құраған (жергілікті атқару органдардың қызметшілері).

Өкінішке орай, мемлекеттік қызметшілер өздерінің құқықтарын жеткілікті білмеуінің негізінде заңсыз тәртіптік жауапкершілікке тартылып жатады. Алайда, жекелеген қызметшілер ғана өздерінің құқықтарын қорғау үшін уәкілетті органға шағымданып жатады.

Мысалы, 2016 жылы тәртіптік жазаға тарту барысында құқықтары бұзылғаны жөнінде 2 мемлекеттік қызметші Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінсе, ағымдағы жылы 6 мемлекеттік қызметшіден шағым түсті.

2017 жылы жүргізілген тексерістер барысында шағымдарда көрсетілген тәртіптік жазалардың заңсыз екендігі анықталып, күштері жойылды, нәтижесінде 8 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды. Бұл, тек ішінара тексерістер барысында және қызметшілер тарапынан шағымдар түскен жағдайда ғана анықталған бұзушылықтар.

Тексерістер барысында мән-жайды анықтамай тәртіптік шара қолдану, мемлекеттік қызметшінің тиісті материалдармен танысу құқығын шектеу, сондай-ақ, қызметші келіспеген жағдайда кепілдік берілген қызметтік тергеу-тексеруді жүргізбеу сияқты бұзушылықтар анықталып отырады.

Көрсетілген бұзушылықтардың орын алуы мемлекеттік қызметшілер құқықтарының өрескел бұзылуымен қоса, жалпы мемлекеттік

қызметтің имиджіне де нұқсан келтіреді, яғни мемлекеттік қызметтегі заңдылық қағидасының сақталмауына әкеп соғады.

Заңнама талаптарына сәйкес тәртіптік жазаға тарту туралы шешімді мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындауға және одан босатуға құқығы бар адам (кеп жағдайда мемлекеттік орган басшылары) қабылдайды. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуына бірінші кезекте мемлекеттік органның басшысы жауапты.

Бұл ретте, аталған лауазымды тұлғалар шешім қабылдауда заңдылықты басшылыққа алып, жұмысты дұрыс ұйымдастыруға, мемлекеттік орган жұмысында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға, жұмысты атқаруға тиісті жағдай жасауға міндетті.

Өз кезегінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік нығайтумен қатар, олардың құқықтарын қорғауға басым көңіл аударады. Тәжірибеде, кейбір мемлекеттік қызметшілерді дәлелсіз балағаттап, айыптайтын жағдайлар болатыны белгілі. Ондай кезде құзиретті орган ретінде аталған мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғауға күш салудамыз. Сондықтан арызданушылар бізді тек жазалаушы орган ретінде қарастырмауы тиіс.

Осыған орай, мемлекеттік қызметшілер құқықтары бұзылған жағдайда келесі мекен-жай бойынша орналасқан Департаментке шағымдануға құқылы: Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары, 39 үй, 2 қабат. Тел. 8(7212)504075.

А. Шахмерденов,
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

ЭЛЕКТРОННАЯ КОММЕРЦИЯ – НОВЫЙ СТИМУЛ РАЗВИВАТЬ БИЗНЕС

Электронная коммерция стала неотъемлемой частью современной экономики. Все больше потребителей приобретают товары посредством сети Интернет, а коммерческие организации, так или иначе, используют возможности данной сети при осуществлении предпринимательской деятельности.

В этой связи, в целях создания благоприятной бизнес-среды и стимулирования развития электронной торговли в рамках принятого нового Налогового кодекса с 1 января 2018 года вступили в силу налоговые преференции для юридических лиц и индивидуальных предпринимателей в общеустановленном порядке, в части освобождения доходов от уплаты корпоративного и индивидуального подоходного налогов, получаемых в сфере электронной торговли до 0%.

При этом необходимо отметить, что в новом Налоговом кодексе определенно понятие электронная торговля товарами – предпринимательская деятельность по реализации товаров физическим лицам, осуществляемая посредством информационных технологий через интернет-магазин и (или) интернет-площадку при одновременном соблюдении следующих условий:

Во-первых, оформление сделок по реали-

зации товаров осуществляется в электронном виде;

Во-вторых, оплата за товары производится безналичным платежом не менее 90% от общего объема доходов;

В третьих, наличие собственной службы доставки товаров покупателю (получателю), либо наличие договоров с лицами, осуществляющими услуги по перевозке грузов, курьерскую и (или) почтовую деятельность.

Лица, осуществляющие электронную торговлю товарами и применяющие нормы налогового законодательства Республики Казахстан в части уменьшения исчисленной суммы корпоративного подоходного налога, уменьшения облагаемой суммы дохода индивидуального предпринимателя на облагаемый доход индивидуального предпринимателя, уменьшения облагаемого дохода физического лица на налогооблагаемый доход индивидуального предпринимателя, обязаны предоставлять информацию по такой деятельности в налоговый орган по месту нахождения в порядке, сроки и по форме, которые утверждены уполномоченным органом.

Лица, осуществляющие пересылку, перевозку, доставку товаров при электронной торговле товарами представляют сведения по

Создание благоприятной бизнес-среды

запросу налогового органа в порядке, сроки и по форме, которые утверждены уполномоченным органом.

Налогоплательщик, осуществляющий электронную торговлю товарами, уменьшает корпоративный подоходный налог и индивидуальный подоходный налог, исчисленный в соответствии со статьей 302 Налогового Кодекса на 100%.

Для облегчения сдачи налоговой отчетности разрабатываются НПА для внедрения автоматизированного порядка администрирования налоговых льгот с целью снижения административных издержек предпринимателей в сфере электронной торговли.

Национальным банком РК для существенного снижения комиссий в безналичных платежах создается новая система моментальных мобильных платежей, тем самым формируются условия для привлекательности ведения бизнеса онлайн.

НПП «Атамекен» для повышения компетенции субъектов предпринимательства в сфере электронной торговли предусмотрено обучение базовым цифровым навыкам через сервисную поддержку ведения бизнеса «Выход бизнеса онлайн».

АО «Казпочта» для повышения предпринимательской грамотности на базе E-commerce центров будут оказываться услуги по созданию интернет магазинов под «ключ», тем самым



создав условия для перевода бизнеса из оффлайн в онлайн режим, обучать и сопровождать навыкам ведения бизнеса в интернете, а также сопровождать оказываемые услуги на основе аутсорсинга, логистики, консультировать в выборе оптимального решения с платформами систем, обеспечивая техническую поддержку шаблонизаторов сайтов интернет магазинов.

Вместе с тем, данная норма позволит создать благоприятные условия для открытия новых интернет-магазинов, увеличения количества онлайн-заказов и создания порядка 200 тыс. новых рабочих мест в сфере электронной торговли и в смежных отраслях к 2022 году.

Действие данной нормы будет осуществляться до 1 января 2023 года.

Управление внутренней политики
Қарағанды облысы

Консультация юриста

ПОНЯТИЕ И СОДЕРЖАНИЕ ИНДИКАТОРА «ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ»

Лидером Нации в Стратегии «Қазақстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» были озвучены приоритетные направления развития страны. Одним из основных приоритетных направлений государства является принятие мер по упрощению процедуры создания бизнеса путем сокращения административных барьеров. Объективной внешней оценкой конкурентоспособности национальных экономик являются различные рейтинги. Они формируются международными организациями и рейтинговыми агентствами. Одним из признанных мировых рейтингов является показатель Глобального индекса конкурентоспособности Всемирного экономического форума (далее - ГИК ВЭФ).

Повышение конкурентоспособности страны является задачей всех государственных органов, успех которой зависит от их слаженных действий.

Уровень конкурентоспособности страны оценивается в соответствии с Глобальным индексом конкурентоспособности Всемирного экономического форума, по отдельным индикаторам которого Министерство определено ответственным.

За Министерством юстиции закреплены 4 индикатора ГИК ВЭФ. Это такие индикаторы как «Права собственности», «Защита интеллектуальной собственности», «Эффективность законодательства в оспаривании административного регулирования», «Эффективность законодательства в решении спорных

вопросов».

27 сентября 2017 года Всемирный экономический форум (ВЭФ) опубликовал ежегодный Отчет о глобальной конкурентоспособности 2017-2018. По результатам рейтинга Казахстан занял 57 место со средним баллом 4,35.

Достижение такого результата стало возможным благодаря проведенным Министерством юстиции целенаправленных работ, в том числе по упрощению регистрационных процедур, снижению административных барьеров, оптимизации бизнес-процессов оказания государственных услуг, путем внесения необходимых изменений в действующие законодательные акты.

В данной статье хотелось бы остановиться на индикаторе «Права собственности». Право собственности есть признаваемое и охраняемое законодательными актами право субъекта по своему усмотрению владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему имуществом. Собственнику принадлежит право владения, пользования и распоряжения своим имуществом. Право владения предоставляет собой юридически обеспеченную возможность осуществлять фактическое обладание



имуществом.

Собственник вправе по своему усмотрению совершать в отношении принадлежащего ему имущества любые действия, в том числе отчуждать это имущество в собственность другим лицам, передавать им, оставаясь собственником, свои правомочия по владению, пользованию и распоряжению имуществом, отдавать имущество в залог и обременять его другим способами, распоряжаться им иным образом. Осуществление собственником своих правомочий не должно нарушать прав и охраняемых законом интересов других и государства.

Управление юстиции
города Приозерск



Заң діни талаптардан жоғары

Вниманию населения города

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР ДІНИ БІЛІМ БЕРЕ АЛМАЙДЫ

Жақын арада Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н.Б.Ермекебаев журналистерге берген сұқбатында елімізде жекеменшік мектептердің ашылуына қолданыстағы заңнамалар бойынша қандай ба бір кедергі жоқ деп санайтынын мәлімдеді.

Осыдан кейін кейбір БАҚ құралдары мен жекеменшік азаматтар әлеуметтік желілерде осы ақпаратты дұрыс түсінбестен, жекеменшік мектептер діни негізде оқыта алады деген пікір тарата бастады.

Бұл шындыққа жанаспайтын ақпарат екеніне назар аударғым келеді.

Біріншіден, Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н.Б.Ермекебаев осы сөзі арқылы хиджаб киетін ата-аналардың мемлекет тарапынан білім алуға қатысты қосымша баламалы нұсқа ұсынуын талап етіп жатқандығын ескере отырып жекеменшік мектептерді ашудың мүмкіндіктерін қаруға болатыны туралы пікірін айтты.

Екіншіден, қолданыстағы заңнамаларда жекеменшік мектептердің ашылуына кедергі жоқ дегенімен, ондай мектептерде тек қана діндар қыздар ғана оқиды деп айтпады. Себебі, заңнамаларға сәйкес кез келген оқушы қыз тұрғылықты жері бойынша орналасқан білім орындарында оқуға құқылы. Оларды орамал тағатындар және орамал тақпайтындар деп бөлуге болмайды.

Үшіншіден, жекеменшік мектептерде қыздар орамалмен сабаққа келе алады деген жоқ. Керісінше, мұндай мектептерде де «Білім туралы» заңға сәйкес Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бекітілген бұйрығының талаптары орта және жалпы орта білім беру, мамандандырылған жалпы білім беру және арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын кез-келген оқу орындарына бірдей қатысты.

Тағы бір балама ретінде қашықтан білім беру тәсілін зерттеуге болатынын білдірді.

Мұқият қараған адам Министрдің осы екі тәсілді тағы да зерттеу керек екендігіне назар аударғанын, яғни, міндетті түрде шешіледі деп айтпағанын аңғарар еді.

Сондықтан, кейбір діндар азаматтардың Министр Нұрлан Байұзақұлының осы сөздерінен кейін өздерінің қойған талаптарын орындатқандай етіп көрсетулері түсініксіздік тудырады.

Осыған орай, жекеменшік мектептер ашылған күннің өзінде олардың білім беру бағдарламалары Білім және ғылым министрлігі бекіткен талаптарға сай болуы керек. Сондай ақ, сабақ беретін ұстаздарға қойылатын талаптар да оқытушылардың біліктілігіне қарай реттелуі керек. Және де ондай мектептерде де қызбалалардың сабаққа орамал тағып келуіне жол берілмейді.

Ешқандай діни компоненттер оқытыл-

майды және тек қана діндарлардан құралмайды. Сондай ақ, Министрлік жекеменшік мектептер ашылған жағдайда, сондай білім беру мекемесінде оқимын деген қыз балаларға шектеу қойылуы мүмкін деп санайды. Мысалы, тек 9-шы сыныпты бітірген соң ғана қабылданыуы мүмкін. Оған дейін мемлекеттік білім беру мекемелерінде оқуы тиіс.

Сонымен қатар, жекеменшік мектептерді салу азаматтардың немесе жекеменшік кәсіпкерлердің өздерінің қаржысына алынуы орынды болады.

Осыған қосымша, тағы бір мәселеге назар аударғым келіп отыр. Егер қыз балалар 1-ші сыныптан бастап бөлек оқитын болса олар қоғамнан оқшауланып, жатырқап қалуы мүмкін. Нәтижесінде, келешекте қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуына кері әсері болады. Сонымен қатар, қыз балалар мен ер балалар бөлек оқуы мүмкін болғанымен, бұл міндетті түрде 1-ші сыныптан бастап бөлек оқуға болады дегенді білгірмейді. Мысалы, оларға тек 9-шы сыныптан кейін ғана бөлек мектепте оқуларына рұқсат берілуі мүмкін. Мемлекет ондай талаптарды қоя алады.

Халықаралық тәжірибелерді алып қарайтын болсақ, көптеген дамыған елдерде жекеменшік мектептер және қашықтан оқыту тәжірибесі бар екенін көруге болады. Еуропа елдерінде жекеменшік мектептер болғанымен ол жерлерде іртүрлі дін өкілдерінің балалары білім алып жатады.

Жалпы, мектептерде орамал немесе хиджаб кино сыртқы көріністер болуымен қатар, діни талаптарды үстем етуге ұмтылыстың көрінісі болып табылады. Ал, Конституцияда біздің еліміз зайырлы мемлекет болып табылатындығы атап көрсетілген. Зайырлы мемлекетте заң діни талаптардан жоғары тұрады. Сондықтан, әлеуметтік қарым-қатынастар, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, отбасы және неке институттары діни нормалармен емес, зайырлы мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

Ал, орамалын шешпеймін деген қыз балалар баламалы нұсқа ретінде медреселерде оқуын жалғастыруларына ешқандай кедергі жоқ. Оның өзінде, олар 9-шы сыныпты бітірген соң ғана болулары керек. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабында да діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады деп көрсетілген.

Мырзаев Балғабек Әбдіқайымұлы,
ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитеті төрағасының орынбасары

КАРАНТИН РАСТЕНИЙ В ЕВРАЗИЙСКОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ СОЮЗЕ

Решением Комиссии таможенного союза от 18 июня 2010 года № 318 были приняты правила «Об обеспечении карантина растений в Евразийском экономическом союзе».

Согласно этих правил, Комиссия утвердила: Перечень подкарантинной продукции (подкарантинных грузов, подкарантинных материалов, подкарантинных товаров), подлежащей карантинному фитосанитарному контролю (надзору) на таможенной границе Евразийского экономического союза и таможенной территории Евразийского экономического союза; Положение о порядке осуществления карантинного фитосанитарного контроля (надзора) на таможенной границе Евразийского экономического союза; Положение о порядке осуществления карантинного фитосанитарного контроля (надзора) на таможенной территории Евразийского экономического союза.

Согласно п.3.1 Положения о порядке осуществления карантинного фитосанитарного контроля (надзора) на таможенной границе Евразийского экономического союза, карантинному фитосанитарному контролю (надзору) подлежит каждая ввозимая на таможенную территорию Евразийского экономического союза партия подкарантинной продукции, включенной в Перечень подкарантинной продукции.

Карантинный фитосанитарный контроль (надзор) при ввозе осуществляется в местах завершения таможенного оформления, карантинный фитосанитарный контроль (надзор) для транзитных грузов осуществляется согласно пункту 3.9 Положения о порядке осуществ-

ления карантинного фитосанитарного контроля (надзора) на таможенной границе Евразийского экономического союза. В отношении подкарантинной продукции, завершение таможенного оформления которой будет происходить в месте доставки, осуществляется карантинный фитосанитарный контроль (надзор) по месту прибытия (первичный карантинный фитосанитарный контроль (надзор)), а также карантинный фитосанитарный контроль (надзор) в местах завершения таможенного оформления (вторичный карантинный фитосанитарный контроль (надзор)), п.3.2

Карантинный фитосанитарный контроль (надзор) при ввозе подкарантинной продукции, проходящей транзитом через таможенную территорию Евразийского экономического союза в третьи страны, следующей в герметичных, исправных и опломбированных вагонах, автофургонах, контейнерах, авторефрижераторах, проводится в месте прибытия подкарантинной продукции посредством документарной проверки и осмотра транспортных средств на наличие карантинных объектов, включенных в единый перечень карантинных объектов Евразийского экономического союза, утверждаемый Евразийской экономической комиссией. п.3.9

Необходимую информацию можно получить в ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция КГИ в АПК МСХ РК» по адресу г.Приозерск, ул.Пушкина-9/2, тел:5-40-06.

З.Т. Кусаинова,
гос.инспектор по карантину растений
ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ РК»

Олимпиада в Пхёнчхане

ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ ТЕЛЕКАНАЛЫ ПОЛУЧИЛИ ПРАВО ТРАНСЛИРОВАТЬ XXIII ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ

Завершены переговоры с компанией - правообладательницей прав на трансляции зимних XXIII Олимпийских игр. Об этом сообщил на своей странице в Фейсбуке министр информации и коммуникаций Даурен Абаев.

По его словам, телеканалы Qazaqstan и Qazsport планируют трансляцию 150 прямых эфиров. На телеканале «Хабар» выйдут в эфир 100 трансляций в объеме 208 часов. Также планируется выпускать дневник Олимпиады на казахском и русском языках.

«Наши соотечественники примут участие в 9 видах соревнований. Полную информацию можно получить по [ссылке http://mic.gov.kz/ru/news](http://mic.gov.kz/ru/news). Нашим спортсменам, защищающим честь страны в Южной Корее, желаем только победы! Алға, Қазақстан!» - написал Даурен Абаев.

Напомним, зимние XXIII Олимпийские игры пройдут в городе Пхёнчхан Южной Кореи 9-25 февраля 2018 года. За 102 медали по 15 видам спорта будут бороться 2900 спортсменов из 95 стран мира. Казахстанцам предстоит состязаться по 9 видам спорта. Это – биатлон, фигурное катание, конькобежный спорт, шорт-трек, горнолыжный спорт, лыжные гонки, прыжки с трамплина, фристайл акробатика, могул.

источник: <http://mic.gov.kz/ru/news>.

ХАБАРЛАМА *** ОБЪЯВЛЕНИЯ *** ХАБАРЛАМА

ПАРИКМАХЕРСКАЯ

«МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107. Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час. Выходной - Понедельник

Запись по телефону: мастера-парикмахеры 8-775-274-25-87 8-747-970-25-81 На маникюр и педикюр 8-747-435-

Парикмахерская

Милолика



СТРИЖКИ - УКЛАДКИ МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ) ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 06/546. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041